Эссе жазуды үйретуде не маңызды: құрылымын меңгерту ме, әлде студенттің ойды дамыту іскерлігін меңгерту ме?

(эссе түрлерін жазуды үйрету)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.Ж2.Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. | 8.Ж2.Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну. | 9.Ж2.Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. | 9.Ж2.Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. | 9.Ж2.Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. |
| | | | | |

- Түрлері
- Суреттеу эссесі
- Пікірталас эссесі
- Аргументативті эссе
- Пікір эссесі
- Салыстырмалы эссе
- Проблемалық эссе

Кіріспе

- Мәселені атау
- Кіріспе ескерту
- Түсіндіру
- Айтылатын негізгі бөлімдерді шолу

Негізгі бөлім

- 1-тезис
- 2-тезис
- 3-тезис

Қорытынды бөлім

Мәселені атау, ұсынылған ақпаратқа қ ысқа шолу жасау, қорытындылау

# Ойды дамыту әдістері

- Сұрақтар қою
- Еске түскен барлық ақпаратты ретсіз жазу;
- Кластер, денотаттық карта құру, менталды карта құру

# Денотаттық карта



# Әңгіме жаздыру

- 1.Әңгіменің мақсаты қандай? Оқырманға  бұл әңгіменің қандай пайдасы болуы мүмкін? Ол оқырманға не береді? Алдымен осы туралы ойлауы керек?
- **Әңгімені жазбас бұрын мына мәселелерді анықтап алу қажет:**

1. Әңгіменің негізгі иедясы қандай?
2. Әңгімелеуге қажетті детальдарды  тізіп жаз.
3. Уақыттың берілуі

-

***Табиғатқа  шыққанда біз  бір қызықты оқиғаларды күтеміз.***  *Біз  сенбі күні отбасымызбен  тауға шықтық. Әкеміз екеуіміз  палатка құрдық. Анам мен қарындасым отын жинады.  От жағатын орын  дайындадық. Картопты отқа пісіріп жегіміз келді. су әкелдік, шай қойдық. Түстен кейін ауа райы  бұзыла бастады. Бір кезде қатты нөсер басталды. Бәріміз  палаткаға кірдік. Біз бұндай жаңбыр жауады деп ойламаған едік. Жаңбырдың суы палаткадан да өтіп кетті. Сосын  әкем  бәріміз  көлікке қарай  жүгірдік. Көліктің   іші құрғақ екен.Әкем көліктің пешін қосты. Сөйтіп біз  су болған киімдерімізді  ауыстырып, үстімізді кептірдік.*

- **Әңгіме детальдары**

- Детальдар  оқиға туралы толық ақпаратты береді. Оқырманның  оқиғаны толық түсінуіне мүмкіндік береді.  Әрбір деталь оқиғаны дамытады.
- **Уақыттың берілуі**
- Оқиға белгілі бір уақытта өтеді. Уақыт дамып отырады. Оқиға да уақытқа қарай дамиды не аяқталады.
- **Жоғарыдағы әңгімені оқы. Онда уақытты қандай сөздер  береді?**
- Сенбі
- күні, содан соң, ( келген соң, айтқан соң.....) Оған дейін, біріншіден, Соңынан, Қазір,  түстен кейін, күндіз, түнде, өткен  аптада, кеше, ертең, бүгін, бір күні, соңынан, сөйтіп

- **1.Сіз отбасыңызбен қайда болдыңыз? Онда қандай қызықты оқиға болды?**
- **2.Әңгіменің негізгі идеясын бір сөйлеммен жазып көр. Бір-біріңмен талқыландар.**
- **3. Сонан соң оқиғаның детальдарын есіңе түсір.** Оларды тізіп жаз. *Мысалы, Тау басындағы бұлаққа қарай жүгірдік. Менің досым судан өткенде, аяғы тастың арасында қалып қойды.*
- *Немесе басқа оқиға.*
- **4.Енді уақытты білдіретін сөздердің тізімін жаз.**
- *Демалыс күні. Көктемгі каникул уақытында,*

# Жазу парағы

| | |
|---|---|
| Мақсатым және оқырман | Қосымша детальдар |
| ....................................................... | ................................................................ |
| ....................................................... | ................................................................ |
| ....................................................... | ................................................................ |
| Негізгі идея | Уақытты беруші сөздер |
| ....................................................... | ..................................................... |
| ....................................................... | ................................................................ |
| ....................................................... | ................................................................ |

# Детальдар

- **Қанаттың әңгімесі  далада палаткада  түнегені туралы. Ол қандай детальдарды әңгімеге  кіргізуі керек**?
- 

1. Палатканың  іші ыстық және қапырық болды.
2. Түнде бір құстың дауысы естілді.
3. Әкем бізді таңертең алып кететін болды.
4. Мен аспанға қарап жаттым

- 

# Суреттеу эссесі

**Белгілі бір орынды суреттеу үшін төмендегі сұрақтарға жауап беру керек:**

- 
- Ол қайда орналасқан?
- Оның көлемі қандай?
- Бұл жерде ауа райы суық па, жылы ма?
- Бұл жер саған қалай әсер етеді? Сен қандай сезімде боласың?
- Бұл жерде нені көруге болады?
- Бұл жерде қандай түстер басым?

- **Өз айналаңдағы орынды сипатта. Көмекші есім сөздерді қолдан. Көмекші есімдер орын туралы, ондағы заттардың орналасуы туралы ақпарат береді.**

1. жоғарыда / төменде
2. Алдында / артында/қарама-  қарсы
3. келесі / одан кейінгі
4. астында / үстінде арасында
5. оң жақта / сол жақта
6. айнала/ ішінде / сыртында

- **Жазба жұмысын басқару:  Әсерді хабарлау**
- Топ ішінде  өздеріңе ұнайтын орынды анықтаңдар. Осы орынды суреттеуге керек детальдарды,  белгілерлі анықтаңдар.  Суреттеу оқырманға нені, қандай әсерді жеткізуі керек? Осы сұрақты топта талқылаңдар.
- Мысалы:Бұл үй ескі және тозған.
-
- **Сезімдік детальдар**
- Суреттеу шығармасын жазу барысында автор сезім арқылы қабылданған  ақпаратты қолданады.  Адамның бес түрлі сезу мүшесі бар.
- Адам  көру арқылы, есту арқылы, дәмін көру арқылы, иіскеу арқылы, сипалап көру арқылы затты таниды.
- Таудың суретіне қайта оралайық. Қандай сөздер бізге таудың суретін дәл береді?
- Оларды адам қандай сезім мүшесі арқылы танып жазып отыр?
-
-

# Жазба жұмысын басқару: Сезімдік детальдардың түрлері

| көру | сипау | иіскеу | есту | дәмін тату |
|---|---|---|---|---|
| ескі<br>тозған | тегіс<br>кедір бұдыр<br>жұмсақ<br>қатты | хош иісті<br>иісі мұрын<br>жарады<br>жағымсыз иіс<br>сасық<br>күлімсі | шатыр шұтыр<br>сықыр сықыр<br>тарс тұрс | кермек<br>тәтті<br>ащы<br>тұщы |

- **Адамды суреттемес бұрын мына сұрақтарға жауап бер.**
- Ол кім?
- Ол не  істейді, не істеуді ұнатады?
- Ол   жұмысты қалай істейді?
- Ол нені жақсы істейді?

- Адамның сырт келбетін суреттегенде, оның дене бітімінен бастап, бетін, көзін, мұрнын, аузын суреттеп алыңыз. Суреттеу жалпыдан жекеге қарай жүруі керек.
- Мысалы:
- *Мен жазғы демалыста атам мен әжемнің ауылында болдым. Атамның ауылы қаладан алыс емес. Он сегіз шақырым жерде орналасқан. Менің атам - орта бойлы, дөңгелек бетті, қыр мұрынды адам. Атамның жасы жетпісте. Атам үнемі тақия киіп жүреді. Тақиясын шешкенде, оның сирек ақ шашын көресің. Атам кітап, газет оқығанда, көзілдірік киеді. Оның көздері алыстан жақсы көреді. Ал жақыннан нашар көреді. Менің атам - өте көңілді адам. Ол жұмыс істегенде, жаймен әндетіп жүреді. Мені қасынан тастамайды. Екеуіміз бақшаға кіріп, арам шөптерді жұламыз, шөп шабамыз. Малды қораға қамаймыз. Атам әңгіме айтуды ұнатады. Ол маған өз басынан өткен оқиғаларды, жас кезінде істеген жұмыстары туралы, ауыл тарихы туралы қызықты әңгімелерді айтып берді. Кешке мені ауыл балалаларымен өзенге суға түсуге жібереді. Өзі атын жетектеп, өзен басына келеді.Ол - өте мейірімді адам. Бақшадан менің достарыма қарбыз, қызанақ, қияр әкеп береді.*
- *Атам ауылды, өзінің көршілерін жақсы көреді Ол - менің ең жақын досым.*

# Менталды картаны құру



# Ойды жинақтау: автор мақсатына қарай

- Ұқсас белгілеріне қарай (салыстыру белгілері)
- Айырмашылықтарына қарай
- Ерекшеліктеріне қарай
- Қарама -қайшылықтарны қарай

# Оқушы бұларды біледі ме?

- Тақырыптың нақтылығы, таныстығы
- Эссе жазу мақсатын
- Эссе түрі және құрылымы
- Тезис және параграф құру іскерлігі
- ақпаратты ұсыну, өз көзқарасын ұсыну тәсілдері

# Эссе жазуды меңгерту кезінде мұғалімнің қызметі

- Тақырыпты анықтау
  - *тақырыптың оқушы үшін қызықты болуы*
  - *Тақырыптың белгілі бір қайшылыққа құрылуы*
  - *тақырыптың нақтылығы, анықтығы*
  - *тақырыптың меңгерілген тілдік дағдылары мен іскерлік түрлерін қолдануға мүмкіндік беруі*



# Тезистер мен параграфтар құру дағдысын дамыту

- Параграф дегеніміз бір тақырыптың айналасына құрылған бес не он сөйлемнің жиынтығы. Сөйлемдер арқылы тақырыппен байланысты негізгі ой беріледі.
- Тезис

# Жазу үдерісі туралы оқушы нені білуі керек?

**Бірінші** - тақырыпты таңдау.

**Екінші** - негізгі ойды (идеяны) анықтау;

**Үшінші** - қандай ойды қай бөлімде беру керектігін жоспарлау; Бірінші қандай ойды беру керек?

екінші қай ойды ұсынған дұрыс? Соңында қандай оймен аяқтау керек?

**Төртінші** тақырып бойынша ойды басынан соңына дейін жазып шығу;

**Бесінші** оқушы өз жазбасына талдау жасайды. Қай бөлімде ақпарат толық қамтымады? Қай бөлімде ақпарат жетіспейді?

**Алтыншы-** редакциялау

# Эссе  жазу іскерлігін  тапсырма түрлері арқылы меңгерту



# Ойлануға үйрету





Суреттерге қарағанда, сен не туралы ойлайсың? Саған қандай ойлар келеді? Суреттер бойынша  не туралы әңгіме жазуға болады?  Ойларыңды  дәптерге жаз.

# Жетпейтін пікірді толықтыру

Бұл отбасы өте тату тұрады

Бұл отбасында бір- біріне деген қамқорлық пен сүйіспеншілік бар.

Ата-анасы қыздарымен бірге ойнап отыр

# Табысты жоспарлау




98
96
94
92
90
88
86
84
82
80
78
Speaking
Reading
Writing
Kazakh
Russian